

**Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
Фараби университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ
140 ЖЫЛ ТОЛДЫ**



Отан тарихында ұлттың әдебиеті мен өнерінің нұрын тасытқан, абыройын асырған аса өнерпаз тұлғалар аз емес.

Олардың аты да, даңқы да өшпейді. Алайда зымыран уақыт, құбылған заман кейінгі ұрпақтардың ұлылар туралы ұғымына да ықпал етпей қоймайды. Өйткені ұлы тұлғалардың да аққан уақытпен бірге тарих тереңіне шо-

мып, замана көкжиегінен алыстай түспегі анық. Олардың бірі алыстай түскен сайын, асқақтап, биіктей береді. Бірақ ол биікке әркімнің көзі жетпейді. Оның шыңы мен шынын жүрегінің түбіне терең бойлай алған көзі ашық, көңілі ояу ұрпақ қана танып, тамашалай алмақ. Енді бір тұлғалар болады – олар тарих тереңіне қанша бойлап, замана көкжиегінен қанша алыстағанмен, ұрпақ санасынан өшпейді, ол – халықтан, халық одан көз жазбайды, қол үзбейді. Мұндай тұлғалардың өнері мен өнегесі халықтың рухани байлығының асыл өзегіндей заманнан – заманға, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек. Өнерпаздың өлмес өмірі, өнердің өшпес өнегесі дегеніміз осындай болса керек. Мұны шын өнерпаз бен шынайы өнердің тереңдігі десек те, кеңдігі десек те, биіктігі десек те лайықты. Ал турасын айтсақ, бұл – қасиет. Мұндай қасиет бойындағы таңғажайып талантымен, адамзат атаулы түгел ардақ тұтқандай абзал

болмысымен, өнегелі өмірімен ұлт өнеріне ерен еңбек сіңірген кемел де келісті тұлғадан ғана табылмақ. Менің білуімше, Кенен Әзірбаев – осындай тұлға, таңғажайып талантымен, адамзат атаулы түгел ардақ тұтқандай абзал болмысымен, өнегелі өмірімен ұлт өнеріне ерен еңбек сіңірген кемел де келісті тұлға.

Болашақ өнерпаз ақындық пен әншілік, сазгерлік мектебінің алғашқы сабағын өз отбасында, өз ата-анасынан алған.

Кенен Әзірбаевтың өнерінің өрге өрлеуіне игі әсерін тигізген бірнеше кәсіби мектеп болды. Оның бірі - қазақ халқының дәстүрлі ақындық өнері. Екіншісі - сал-серілер мектебі. Үшіншісі - халықтың ақындық айтыс өнері. Жетісудың күй өнері мектебі мен Жетісу мен Оңтүстік өңірде, қырғызда дәуірлеп тұрған ақындық айтыс мектебінің ықпалы айрықша болды. Ұлы ұстазы Жамбылдан алған үлгісі мен өнегесі де зор еді. Кенекең осы мектептердің ірі, майталман өкілдерінің бірін ұстаз тұтқан, бірімен қатар, үзенгілес жүріп, өнер жарыстырған. Шеберлігін шыңдаған.

Өмірдің түрлі саласында, түрлі кәсіп аясында ірі табыстарға, нағыз шеберлік биігіне жету үшін қажетті нәрсе, негізінен, мынадай: талап, білім, еңбек, тәжірибе. Егер кез-келген кәсіп, мамандық иесінің бойында осы аталған белгілер түгел тұтасып тұратын болса, онда оның өз ісінің майталманы, үздік шебері болып шығарында сөз жоқ. Ал өнер жолы, оның ішінде нағыз ақындықтың жолы бұдан мүлде өзгеше. Қазақта төрт жол өлең құрастырып айтпайтын кісі кемде-кем. Бірақ өлең құрастыру, ұйқас құру бір басқа, ақындық өнер бір басқа. Әлемдік ақындық өнер тарихы беретін деректерге қарағанда, ақындық өнер кісі бойына оқу, үйрену, еңбектену арқылы келмейді, ақындық өнер кісіге не туа бітеді, не жүре келе қонады. Ертедегі Шығыс ойшылдары, сондай-ақ қазақ білімпаздары кісі бойындағы ақындық өнерді Тәңірдің сүйген құлына берген айрықша сыйы деп бағалап, ақынды Тәңірдің сол сыйын сақтап, елге тарататын, сөйтіп елдің жанынан жарық шашырататын, Тәңірі нұрын танитын ерекше биік рух иесі ретінде білген. Өткен дәуірдің ақындарының жеке басынан өткен кейбір ерекше оқиғалар бұл пікірді толықтырып, шынайыландыра түседі. Мұндай ерекше оқиғалар қазақ, қырғыз, қарақалпақ және басқа түркі тектес халықтардың ірі ақындарының көпшілігінің басында болған. Мысалы, Абыл ақын өзінің қалай ақын болғанын ұйықтап жатып көрген түсімен байланыстырады. Қой күзетінде көзіне ұйқы тығылып, бір сәт қалғып кеткенде, Абыл түс көреді: әлдебір кісі келіп қымыз береді. Ішкен қымызына мейірі қанғандай болғанда, қойшы жігіт оянып кетсе керек. Ояна келсе, көкірегі толып тұрған өлең екен. Содан бастап Абыл ақындық өнер жолына түседі. Ақындық өнер Абылға осылай дариды. Қазақтың ірі жырауларының бірі Базар жыраудың, қарақалпақтың ірі ақыны

Бердақтың ақындық жолға түсуі де осындай жағдайлармен байланысты.

Ақындық өнер Сүйінбайға да осындай керемет аян арқылы қонған. Сүйінбайдың қозы бағып жүрген бала кезі екен. Түс уақытында жусап жатқан қозы отарының бір шетінде таяғын құмға шаншып, оның басына көйлегін іліп, өзі соның көлеңкесінде жатып көзі ілініп кеткенде, қозышы бала түс көреді. Түсінде Сүйінбайға ақ сақалын желбіретіп кеудесіне дейін түсірген, бір қолына домбыра, бір қолына көген ұстаған бір қарт келіп: “Балам, өлең аласың ба, көген аласың ба?” – деп сұрақ тастайды. Сонда Сүйінбай көгенді емес, өлеңді таңдап, домбыраны алады. Ояна келсе, өлең баланың кеудесіне сыймай, толып тұрыпты. Мұның кей қырын ақын өзінің “Түс” атты өлеңінде де айтқан.

Кенен Әзірбаевтың өнерін туа біткен өнер деп таныған орынды. Жеті жасынан анадан жетім қалып, қозы баққан баланың көкірегі ұйқтаса да, ояу жүрсе де өлеңге толып тұрады. Бірде қозышы бала ұйқыдан ән айтып оянады. Осыдан бастап қозышы баланың көңілі жай таппайды. Қордайдың қоңыр желінен күй сарынын сезеді, Мәтібұлақтың сылдырынан өлең ырғағын табады, Қоңырадырдың бозторғайының шырылынан ән сазын естиді. Қозышы баланың бойындағы Жаратқанның сыйындай ақындық, әншілік пен сазгерлік бірдей оянады. Бұл өнерпаз өміріндегі таңғажайып арайлы сәт еді.

Қозы бағып, қой қайырған баланың бар ойы, танымы, ұғым-түсінігі, қуанышы мен реніші – бәрі де өзінен-өзі өлең боп өріліп, ән болып әуелеп жүре береді. «Бозторғай» жас Кененнің жаратылысындағы осындай ерекше өнерпаздықты барынша анық танытады. Ақын бұл туындысын, өзінің айтуына қарағанда, он бір жасар кезінде шығарған. «Бозторғайдың» туу тарихы туралы ақын мынаны айтады: «Түнімен күзеткен қойды таң алагеуімде Мәтібұлақ басына қарай өргіздім. Күн шыға бере бозторғайлар аспанда қалықтап, шырылдай бастады. Жетімшілік көрген жабырқаңқы көңілім елжіреп, бозторғайға үн қосты...». Бозторғай құс пен бозторғай жүрек қосылып айтқан осы өлең тарихы өнер туындысының өмірге келу процесінің тамаша бір үлгісі болып табылады. Ақынның «Көкшолақ», «Бұлбұлға», «Ақ ешкі» және басқа шығармаларының туу тарихында да үлкен танымдық мән бар. Өнерпаздық еңбек психологиясын зерттеуде бұл сияқты шығармаларының туу тарихының маңызы өлшеусіз жоғары.

Кенен өмірінде ерекше мазмұнымен орын алған оқиғалардың бірі - он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Ақын осы көтерілісте қолына домбырасын қару етіп алып, Әли Нұрғожаевтың сарбаздарының сапында жүреді. Көтерілісшілердің жауынгерлік рухын өнерімен, өлеңімен көтереді. Көтеріліс басылған соң, қырғыз-

ға барып бой тасалауға мәжбүр болады. Осында жүріп, «Қырғызбай», «Әли батыр» дастандарын жазады, атақты «Бұлбұлын» шығарады. Ақындық таланты ашылады.

Ақындық талант – айрықша талант. Ол үйреніп алатын кәсіп емес, сұрап алатын қызмет емес, сатып алатын алтын емес. Ол кәсіптен артық, қызметтен биік, алтыннан қымбат, байлықтан баянды. Талантты жанның ойы терең, сезімі телегей. Талант сол терең телегейдің түбінде. Таланттың жарығы мен жарқылы өмірдің шындық құбылыстары сол терең телегейді түбіне дейін толқытқанда ғана көзге түсіп, көңілге жетуі мүмкін. Ал біз айтып отырған терең мен телегейді шындық біткеннің бәрі толқыта алмайды. Оны жүректі жандырғандай мұңы мен шері бар немесе жүректі жарғандай қуанышы мен жұбанышы бар шындық қана толқыта алады. Кенен Әзірбаевтың заманнан заманға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан өнері мен өнегесінің негізінде осындай шындық жатыр. Өнерпаздың «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ойжайлау», «Бұлбұлға», «Базар - Назар» секілді шығармалары, Шәлипамен, Ләтипамен айтыстары, «Қырғызбай», «Әли батыр», «Кенебай-Кербез», «Жамбыл-Жыр» дастандары, «Сары Барпы», «Алып қара құс», «Ботаң қалды», «Қарқарау», «Құлақ күйі» және басқа күйлері жүректі жандырғандай мұңы мен шері бар, жүректі жарғандай қуанышы мен жұбанышы бар шындықтан туған. Ақын шығармаларының тақырыбы мен идеясы осындай шындыққа негізделеді. Бұл жерде мынаған назар аударғанымыз дұрыс: тақырып пен идея қанша іргелі, көкейкесті, маңызды дегенмен, көрікті түр жоқ жерде олар қадірлі бола алмақ емес. Ал іргелі, көкейкесті, маңызды тақырып пен идея жоқ жерде түр мен түстің жырығы мен жарқылында да мән мен мағына болмайды. Кенен Әзірбаев шығармашылығының біздің заманымыз үшін бағалылығы мен баяндылығы ондағы мазмұн мен пішіннің, сөз бен саздың, ырғақ пен әуеннің Абай айтқан тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісіммен жарасып жатуында. Мұндай жарастыққа өмірден көргені көп, түйгені мол, өмірбаяны бай суреткер ғана жете алса керек. Кенен Әзірбаевтың шығармашылығының ішкі байлығы мен сыртқы сұлулығының жарастығы оның ақындық, азаматтық өмірбаянының байлығына, ақындық, азаматтық тегінің тереңдігі мен кемелдігіне негізделген.

Өмірбаян байлығы, ақындық, азаматтық тегінің тереңдігі мен кемелдігі ақын шығармашылығында ел өмірі, халық тағдыры үшін айрықша маңызды, өмірлік мәні өлшеусіз жоғары шындық құбылыстардың көрініс табуына ықпал етті. Әуелде елдің егемендігі, ұлттың азаттығы, халықтың ынтымағы мен бірлігі, мемлекеттің тәуелсіздігі деңгейінде пайымдалған бұл құбылыстар бертін келе ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар жүйесінде

суреттелді.

Бір кезде боздалада бозторғайға үн қосып шырылдаған бала келе-келе бұлбұл болды. Бір кездегі құйрығы жоқ, жалы жоқ көкшолақ жүре келе дүлдүл болды. Бұл екі ортада ақын талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Суреткерлік ұстанымы, азаматтық тұрғысы қалыптасты. Өсті. Бала да, аға да, дана да бола білді. Ән мен жырдың кеніне айналды. Ұлы ұстаздары Сүйінбай мен Жамбылдың өнері мен өнегесін жалғастырып, бойына біткен өнердің әр саласы бойынша шығармашылық дәстүр қалыптастырды. Дара һәм дана шығармашылық тұлға биігіне көтерілді.

Кенен Әзірбаевтың өзіне дейінгі және өз тұсындағы ақындардан, өнерпаздардан жэне бір айрықша даралығы бар. Ол - ақынның ревком болғаны. Қилы заман жағдайында ревком болудың қаншалықты қауіпті, қатерлі екені айтпай-ақ түсінікті. Сондай қиын күндерде де ақын жан баласына, тіпті кезінде өзіне зорлық қылған, сомсынған жандарға да жамандық жасауға бармаған, ешкімнің ала жібін аттамаған, ешкімге кек не өкпе сақтамаған. Мұндай берік ұстанымы, мұндай берен тұрғысы бар жан ол тұстарда сирек еді. Ал қандай тар жолда да мұндай берік ұстанымынан, мұндай берен тұрғысынан таймаған, кісілігіне кір келтірмеген азамат ол тұстарда бірен-саран ғана еді дер болсақ, сол бірен-саранның басынан Кенен Әзірбаевтың тұлғасы көрінеді. Ақынның шығармашылық мұрасы да, тарих шындығы да біздің заманымызға осындай ойды ұсынады. Бүгінгі ұрпақ үшін Кенен Әзірбаевтың ақындық даралығы мен адамдық даналығының үлгісі, өмірі мен өнерінің өнегесі осындай қасиеттерімен бағалы.

Кенен Әзірбаев - жүректен қозғап, тереңнен толғаған лирик, өз заманы мен өзіне дейінгі дәуірдің ірі оқиғаларын кең тыныспен келістіріп жырлаған эпик, қиыннан қисын тауып, дес бермей саулаған суырыпсалма айтыскер һәм жырау, сондай-ақ әрі күйші, әрі әнші, әрі сазгер. Бұлардың үстіне шежіреші, қара сөздің шебері, халықтың байырғы мәдениеті үлгілерін, тарихи аңыздары мен шежірелерін, ақындар мұрасын жинап, сақтаушы, насихаттаушы. Ақынның аттары аңызға айналған Ноғайбай би, Бөлтірік шешен, Майкөт ақын, Жамбыл жырау және басқа көптеген ірі тұлғалардың шығармашылық мұралары мен тарихи қайраткерлердің өмірі мен заманы туралы баға жетпес құнды Ұлт өнерінің мұндай ірі қайраткерлерінің шығармашылық мұраларын жинап, хатқа түсіру, сақтау, кезі келгенде мемлекеттік қолжазбалар қорына тапсыру, сөйтіп елдің игілігіне ұсыну туған халқының мәдени мұрасын, ұлттық рухани байлығын шексіз сүйген, құрмет тұтқан аса ірі кісінің ғана қолынан келген. Бүгінде Кенен атамыздың осы саладағы еңбектерінің өзі бүкіл ел болып ардақтауға лайықты айрықша құнды,

қымбат қазынамызға айналып отыр. Осынша асыл қасиеттерді, осынша ерен еңбекқорлықты, осынша асыл өнер байлығын бір адамның басына үйіп-төгіп беру – табиғаттың баға жетпес қымбат сыйлығы, Жаратушының кеңдігінің керемет нышаны.

Кенен Әзірбаев - ұлт өнерпазы. Сондықтан да оның шығармашылығында ұлттық сипат, ұлттық мұрат терең көрініс тапты. Ол өз халқының ұлттық танымын, ұлттық санасын, ұлттық мұратын ардақ тұтты. Өмір шындықтарын пайымдау мен жинақтауда да өзінің жаны мен қанына ана сүтімен сіңген қасиетке сүйенді. Оның шығармаларының ұлттық сипатынан, өнерпаздық тұлғасының ұлттық болмысынан талант табиғаты ғана емес, ұлттың қасиеті де күндей балқып, нұрын төгіп тұрды. Бұл - өнерпаздың өрені, таланттың тарланы ғана жететін жетістік. Талантты болу бар да, ұлттық туынды жасау және бар. Талантты қаламгердің бәрі бірдей ұлттық туынды жасай бермейді. Ұлттық туынды жасаудың негізінде талантпен бірге ұлттық қасиет жатады. Кенен Әзірбаев өз ұлтының арманы мен мұратын, қуанышы мен ренішін көзінен де, көңілінен де бір сәт таса қалдырмай, ұлт өмірінің мағынасы мен мәнін, мақсаты мен мұратын саралап танып, самғап пайымдады, халқына ұлттық мазмұны терең, сәніне салтанаты жарасқан, жарығы жанды жылытып, жарқылы жанарды жасқайтын жақсы туындылар берді.

Ұлттық мазмұн – Кенен Әзірбаев шығармашылығының басты құндылығы, суреткер талантының айрықша ардақты қасиеті. Бұл қасиет оның шығармашылығын ғана емес, шығармашылық тұлғасын да шырқау биікке көтерді, ұлттың ғана емес, жалпы адамзаттың құрметіне бөледі. Осы тұста қазақ әдебиетшілері адамзаттың Айтматовы деп таныған, туысқан қырғыз халқының аяулы перзенті, ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовтың қазақтың Кененіне сәлем беріп тұрып айтқан мына бір сөзі ойға оралады: «Сіз - қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы атамyzсыз. Қырғыз елі Сізді өзінің таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дастархандас болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан Оспанқұл, Әлімқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді. Біз сізді өнердегі асқар Алатауымызсыз деп есептейміз...»

Иә, Кенен Әзірбаевты келер ұрпақ та өнердегі асқар Алатауымыз деп ардақтайтын болады. Қазақ сөз өнері мен саз өнерінің барша дәстүрлі саласында бірдей тамаша табыстарға жеткен, артына, өсер өркендеріне өлмейтін, өшпейтін асыл мұра қалдырған байтақ дарын иесін ардақтай білу де кісілік.

Әдебиеттер

1. Екі Кенен тумайды. Естеліктер / Құрастырған Кененқызы Т.- Алматы: Шартарап, 2001. – 160 бет.

2. Сейдімбек А. Кенен әндері // ӨЗІРБАЕВ Кенен. Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім. Әндер жинағы. Кенен Әзірбаев. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 3-12-беттер.

<https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/9dc/9dc56dc473e1bfb1d6db5799f602f4db.pdf&ln=kz>

3. Әзірбаев К. Көптомдық шығармалар жинағы. I том. Мен сүйемін халқымды. Өлеңдер, термелер, толғаулар. – Алматы: Келешек, 2017. – 448 бет.

<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1560178&lang=kk>

4. Әзірбаев К. Көптомдық шығармалар жинағы. II том. Айтыстар мен дастандар. – Алматы: Келешек, 2017. – 204 бет.

<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1560180&lang=kk>

5. Әзірбаев К. Көптомдық шығармалар жинағы. IY том. Аңыздар сыры. – Алматы: Келешек, 2017. – 404 бет.

<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1560175&lang=kk>

6. Дәдебаев Ж. Кенен // Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстар. – Алматы: ЖШС «Дәуір», 2013. – 422-430-беттер.

Алматы
2024 жыл